



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАЛАБАҚША АШУ, АТТЕСТАЦИЯДАН ӨТКІЗУ ТЕТІКТЕРІ ТЫМ ЖЕҢІЛ



Мектепке дейінгі білім беру ісін дамыту қоғам үшін қашанда өзекті. Дәл осы мәселе «AMANAT» партиясы жанындағы Білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің кезекті отырысында талқыға салынды.

Білім – барлық байлықтан, игіліктен жоғары бағаланатын құндылық. Бүгінгі заманда балалардың мектепке дейінгі тәліміне де жіті көңіл бөлу кезек күттірмейді. Осыған орай Нұр-Сұлтан қаласында мектепке дейінгі білім беруді ваучерлік қаржыландыру бойынша пилоттық жоба қолға алынып отыр.

(Соңы 3-бетте)

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ӘРЕКЕТІНЕ НЕГЕ ШАҒЫМ КӨП?

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енгізілді. Оның басты мақсаты – жария-құқықтық қатынастар бойынша туындаған түрлі дауларды әділ шешу. Бұған дейін жария-құқықтық даулар азаматтық-процестік ережелер бойынша қаралып келді. Жасыратыны жоқ, мұндай даулар көбінесе мемлекеттік органдардың пайдасына шешілетін.

1 шілдеден бері біздің сотқа жаңа кодекстің мәні бойынша егер азамат әкімшілік органдарға қарсы сотқа талап-арыз берсе, бұл әкімшілік орган кінәлі дегенді білдіреді. Ондай жағдайда әкімшілік орган сотта өз әрекеттерінің заңды екенін дәлелдеуі тиіс. Бұл ретте сотта жеке тұлғалардың тек заңды талаптары ғана қорғалатындығын атап айтқан жөн.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі бойынша азаматтар сотқа 4 түрлі талап-арыз бере алады. Атап айтсақ, мәжбүрлеу туралы, дау айту туралы,

құқықты тану туралы, әрекет жасау туралы. Бүгінгі күнге дейін сотқа түскен талап-арыздардың басым көпшілігін дау айту туралы талап-арыз құрады. Келесі кезекте мәжбүрлеуге, әрекет жасауға шағынушылар және құқықты тану туралы талап-арыздар бар. Дау айту туралы талап-арыздардың 415-і сот орындаушылар әрекетін, қаулысын заңсыз деп тануға қатысты болып отыр.

Көбінесе сотқа шағынатын азаматтар сот орындаушыларының аумақтық палатасына емес, бірден сотқа жүгінетіндіктен, сот орындаушыларының әрекетіне қатысты даулар көбейіп барады. Әсіресе, азаматтар жеке сот орындаушылардың әрекеті заңсыз, әділетсіз деп жиі шағымданады. Атап айтсақ, еңбекақыны, алиментті өндіріп алу туралы материалдар бойынша арыз-шағым көп. Сот орындаушылар тарапынан борышкерді уақытылы жұмысқа орналастырмау, борышкердің мүлктік жағдайын, соның ішінде жұмысқа орналасқаны туралы арнайы базаны уақытылы

тексермеу фактілері, атқару өндірісі бойынша мәжбүрлеу шараларын, қарызды өндіріп алу туралы қаулыларын уақытылы шығармау туралы шағым да баршылық.

Сот орындаушысы заңда белгіленген тәртіппен орындауға қатысты мәселелер бойынша қаулылар шығаруға; әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыруға; атқарушылық әрекеттер жасау кезінде туындаған мәселелер бойынша қажетті ақпаратты, түсініктемелер мен анықтамаларды алуға құқылы. Борышкерлердің банктердегі ақшалары мен бағалы қағаздарына осы заңда көзделген тәртіппен тыйым салуға; мүлктің кімге тиесілі екенін анықтағанға дейін оған уақытша тыйым салуға құқылы. Сот орындаушысы өз қызметінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасалуына жол бермеуге міндетті. Әсіресе, үйден мәжбүрлеп шығару немесе құрылыстарды мәжбүрлеп бұзу туралы сот шешімдерін орындау кезінде түрлі оқиғалар, түсініксіздіктер болып жатады. Мұндай жағдайларда сот орындаушылары процеске жедел медициналық жәрдем, ішкі істер, төтенше жағдай қызметкерлерін қатыстырады.

(Соңы 6-бетте)

ДАТ!

СОТ РЕФОРМАСЫ: ШЫНДЫҚ ПЕН ШИКІЛІК

УЗАҚ ЖЫЛДАР БОЙЫ СОТ САЛАСЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ТӘЖІРИБЕЛІ МАМАН РЕТІНДЕ БІЗ КЕМШІЛІКТІҢ ЖӘНЕ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ҚАЙТАЛАНУЫНА ӘКЕЛУІ МҮМКІН НАҚТЫ ҚАТЕЛІКТЕРДІ КӨРСЕТУГЕ, БІЛІКТІҢ НЕГІЗГІ МЕМЛЕКЕТТІК ИНСТИТУТТАРЫН РЕФОРМАЛАУҒА КӨМЕКТЕСУГЕ МІНДЕТТІМІЗ ДЕП ЕСЕПТЕЙМІЗ.

Біз «реформа үшін реформа жасау» қағидатын ұстанатындардың қатарынан емеспіз. Мақсатымыз – Қазақстан Конституциясының барлық нормаларына сәйкес келетін, қоғамның басым бөлігі әділ және теңгерімді деп танитын, тура төрелігінің тиімді іске асырылуын қамтамасыз ететін сот жүйесін құру.

(Соңы 4-5-беттерде)



СҮЙНІШ!

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқиев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- Детектив жанрының атасы Кемел Тоқиевтен кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар. Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтімен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

**Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ ШЫНАҢЫЗ!
ІСКЕ СӨТ!**

ТҮЙТКІЛ

ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫ: ҮМІТ ПЕН КҮДІК

Мәдениет және спорт министрі Ұлттық Олимпиада комитеті, спорт федерацияларының басшылары мен мемлекеттік жаттықтырушылардың қатысуымен 2024 жылы Парижде өтетін Жазғы Олимпиадаға дайындық мәселелерін пысықтады.

– Төртжылдықтың басты додасына осы жиыннан бастап қызу дайындалуымыз қажет. Бұған дейін кадрлық, бюрократиялық барлық мәселені шештік деп ойлаймын. Бірақ, бізді одан да үлкен жауапты жұмыстар күтіп тұр. Париж Олимпиадасы – кәсіби дайындығымыздың көрсеткіші болмақ. Әр жақсы нәтижеге федерация басшылары, жаттықтырушылар, бапкерлер, тиісті сала мамандары жеке-жеке жауаптымыз. Токио мен Пекин ойындары спортшыларымыздың дайындығына қатысты мәселені күрделеніп кеткенін көрсетті. Олардың кейбірі, тіпті Лиллехаммердегі, Атлантадағы ойындардан бері келе жатқанын байқауға болады. Францияда сол олқылықтардың барлығын түзеуіміз қажет, – деген Дәурен Абаевтың сөзіне қарағанда спортшыларды даярлау жүйесінде түйткілді мәселелерді шешу мақсатында Үкімет тарапынан спорттық инфрақұрылымды дамытудың жоспар-кестесі әзірленген.

Биыл Алматы, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында 10 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу жоспарланып отыр. Өйткені, еліміздегі 25 жеңіл атлетикалық манеждің бірнешеуі ғана жалпы талапқа сай болса, 367 жүзу бассейнінің тек екеуінде халықаралық талаптарды ескере отырып жарыстарды өткізуге болады. Қазіргі таңда елімізде 13 700 жаттықтырушы жұмыс істейді. Алайда, олардың 4% ғана жыл сайын біліктілікті арттыру курсынан өтіп жүр. Кейбір федерациялар, тіпті, жаттықтырушыларды аттестаттау бойынша жұмыс жүргізбейді. Сондықтан федерациялар осы бағыттағы жұмысты жандандыруы қажет.

«2022 жылғы 1 шілдеден 2024 жылға дейін спорт төрешілерінің жұмысына ақы төлеу кезең-кезеңімен 100% артады. Спорт саласында төрешілерге ақы жарыстың әр күні үшін төленеді. Биыл ақы көлемі 2600 теңгеден 8000 теңгеге дейін, ал 2023 жылы – 13 мың теңгеге дейін, 2024 жылы – 17 мың теңгеге дейін көбейетін болады. Бұдан басқа, Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада чемпиондары мен жүлдегерлері және олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпиондарын дайындаған жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамтамасыз

ету мөлшері 24 АЕК-тен 100 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Яғни, олар енді ай сайын орташа есеппен 73 мың теңге емес, 318 мың теңге алып отыратын болады», – деді Мәдениет және спорт министрі.

Сондай-ақ, дене шынықтыру және спорт саласында ғылыми ұйымдар жоқтығын мойындаған Д.Абаев отандық спорттың ғылыми медициналық базасын нығайту жағын да қозғайды. 20 адамнан тұратын жалғыз Республикалық талдау орталығының мәртебесін нығайтып, қызметкерлердің жалақысын көтеру жұмысы басталған. Бұл орталық мүдделі органдармен бірлесе отырып, спортшылардың физиологиялық жай-күйін, медициналық қамтамасыз етілуін, жаракаттану дәрежесін және т.б. ескере отырып, спортшылардың өнер көрсету нәтижелерін талдау негізінде элиталық спорт түрлерін дамытумен айналысатын болады. Сондай-ақ, Үкімет құрамындағы өзгерістер кезінде де ешкім өзіне дейінгі министрдің берген уәдесі мен бастаған ісін жалғастыруға кепілдік бермейді. Яғни, министрдің сөзі әлі де көңілдегі үмітті оятып, күдікті жоя алмайды.

дай-ақ, спорт дәрігерлерінің жалақысын арттыру, мамандарды шақыру, заманауи құрал-жабдықтарды сатып алу, спортшылардың тамақтану стандарттарын арттыру, фармакологиялық қамтамасыз ету тізбесін жаңарту бөлігінде жұмыс істеп тұрған Спорттық медицина және оңалту орталығын жаңғырту да басталған көрінеді. Кеңес қорытындысы бойынша федерацияларға олимпиадалық циклге арналған кешенді-мақсатты бағдарламаны және дене шынықтыру-спорт ұйымдарына спорт түрлері бойынша даярлық бағдарламасын әзірлеп, бекітуді тапсырған Дәурен Абаевтың тапсырмасы қаншалықты нәтижелі орындаларына әзірге ешкім кепілдік бере алмайды. Өйткені, әрбір Олимпиада ойынынан кейін федерациялар мен бас бапкерлердің есебі тыңдалғанымен, оның қорытындысын ғылыми тұрғыдан талдап, сараптайтын орталық әлі күнге құрылған жоқ.

Сондай-ақ, Үкімет құрамындағы өзгерістер кезінде де ешкім өзіне дейінгі министрдің берген уәдесі мен бастаған ісін жалғастыруға кепілдік бермейді. Яғни, министрдің сөзі әлі де көңілдегі үмітті оятып, күдікті жоя алмайды.

МАМАН ПІКІРІ

Бауыржан ДОСҚАРАЕВ, педагогика ғылымдарының докторы, спорт сарапшысы:



– Маман дайындаудың классификаторында бапкер деген болу керек. Бізде қазір бұл жоқ. Оны дұрыстап алмай тұрып, министрдің олимпиадаға дайындыққа қажетті мәселелерді шешіп беруімізге үміттен гөрі күдік ұялатып отыр.

Федерация деген қоғамдық ұйым, олар кадр дайындамайды, қалай олар жаттықтырушыларды қайта даярламақ? Спорт мамандарын дайындаудағы жалпы бағдарлама аясында барлық жоғары оқу орны бапкер емес, оқытушы дайындайды. Қазіргі бапкерлер өз тәжірибесімен ғана шәкірт бастайды. Бізде спорттық ақпараттың деген мүлде жоқ. Бәрі талдауға негізделуі керек. Көп жаттыққан, оның пайдасы көбірек деген түсінік қазір ескірді. Қазір спортшыны дайындауда жүктемені көбейтумен емес, ғылымға сүйену арқылы ғана нәтижеге жетуге болады. Токио Олимпиадасы қарсаңында қазіргі құрамада алтын медаль алатын спортшы жоқ дегенім есіңізде шығар. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс болғанын өзіңіз де көрдіңіз. Яғни, ғылымсыз, сараптамалық талдаусыз біз жалаң ұранмен алысқа ұзамаймыз. Дүниежүзі әлдеқайан клубтық жүйеге көшкен. Біз әлі оны түсіне алмай жүрміз. Сөз көп, нақты іс жоқ. Бұл бағытта біз дамыған елдерден 30-40 жылға артта қалдық.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

НӘТИЖЕЛІ БІР ЖЫЛ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қолданысқа енгеніне 1 жылдан асты. Осы уақытта сот тәжірибесінде әкімшілік әділет ісінің қағидалары, қолданылу ережелері, құқықтық тетіктері барынша айқындалды.

Қаншама азаматтар әкімшілік органдар арасындағы даудың оңтайлы шешілуіне қолжеткізе алды. Азаматтар мен кәсіпкерлердің әкімшілік органдарға қатысты жазған арыздары сапалы әрі нәтижелі қарала бастады.

Былтыр заң жаңадан қабылданып, әкімшілік соттар құрылған кезде олардың алдында әлеуметтік-экономикалық дамуымызда үлкен жетістіктерге қол жеткізу міндеті қойылды. Сол міндетті іске асыруда азаматтар Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексе талаптарына сай тек мемлекеттік органдарға емес, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына, адвокаттар алқасына, нотариустар мен жеке сот орындаушылар ұйымдарына да қатысты арыз-шағымдарымен сотқа жүгініп келеді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің артықшылығы өте көп. Оны судьялар істі қарау барысында тәжірибеден өткізуде. Мысалы, кодексе талаптарына сәйкес, әкімшілік орган шешім қабылдағанға дейін міндетті түрде арыз иесін шақырып, соны тыңдап алуға міндетті. Азамат әкімшілік органның шығарған шешімімен келіспесе, сотқа арыз береді.

Келесі артықшылығы – сенім құқығын қорғау қағидаты негізінде бірқатар дауларды жедел, тиімді шешуге және көп жағдайда дауды сотқа жеткізбеуге мүмкіндік береді.

Мынадай да артықшылығы бар, сотқа мәжбүрлеу арызы түссе, сот тиісті органның әрекетін заңсыз деп таныса, органды міндеттей алады. Заң қолданыста болған бір жыл ішінде соттар азаматтардың ұсынған дәлелді жеткіліксіз болған жағдайда

арыз иесін қорғау жолдарын қарастырды, арызда заң нормаларын дұрыс жазуға көмектесіп, істің кейбір фактілері бойынша өзінің алдын ала пікірін айтты. Соңғы жағдайда көбіне тараптар өзара келісімге келіп, дау екі тарапқа да тиімді тәсілмен шешімін тауып жатты.

Республика соттары істерді қарауда ескерту, сот залынан шығарып жіберу және ақшалай өндіріп алу сияқты процестік мәжбүрлеудің жаңа құралдарын белсенді қолданды.

1 шілдеге дейін азаматтар мен мемлекеттік орган дауласқан істердің 85 пайызында жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік органдардан жеңілетін болса, қазіргі таңда істердің 55 пайызы кәсіпкерлер мен азаматтардың пайдасына шешіліп келеді. Бұл әкімшілік әділет жүйесінің бір жылдағы жемісі.

Бүгінде әр судья әкімшілік істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттыруға, істерді қарау мерзімдерін, сот актілерін жасақтау мерзімдерін бұзуға жол бермеуге барынша күш салып отыр. Міне, осылайша бір жылдан бері республика соттары Еуропа елдерінің тәжірибесіне сүйеніп дайындалған әкімшілік әділет құрылымы бойынша жұмыс жасап келеді. Кодекстің жыл сайын саны артып отырған жария-құқықтық дауларды азайтуға алдағы уақытта сөзсіз септігі тиетін болады. Себебі әкімшілік әділет «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып жасақталған, бағыты мен бағдары бөлек кодексе.

Өткен жылдың ең ірі реформасы болған бұл жүйенің жұмысын бір жылдың есебімен қорытындылауға не бағалауға келмейді. Себебі маңыздысы есеп емес! Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің әр шешімі, кодекстің әр талабы жұртқа түсінікті болуы тиіс. Соттар бұл бағытта да түсіндірме жұмыстарын белсенді түрде жалғастыра бермек.

Асел ДОСАЕВА Манғыстау аудандық сотының судьясы

АЛАНЖҮРТ

Пандемия қайта оралды. Қазақстанда соңғы аптада коронавирус жұқтырғандар саны 3640 адамға жетті. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бас директоры Тедрос Гебрейесустың айтуынша әлемде соңғы екі апта ішінде бұл індеттің тырнағына ілінгендер қатары 30 пайызға көбейген. Вирус жұқтырушылықтың күрт артуы ұйымның алты аймағында айрықша байқалып отыр. Оларда омикронның ВА.4 және ВА.5 штамдары көп тарауда. Бұл жағдайға себеп болып отырған факторлар ретінде Гебрейесус көптеген елдерде коронавирустың инфекциясын тестілеу деңгейінің құлдырап кеткенін, вирусқа қарсы жаңа дәрілердің кедей елдерге жеткізілмейтінін айтады.

КАРАНТИН ЖАЙЛЫ АЙТУҒА ӘЛІ ЕРТЕ

Гебрейесус осы ретте екпе вирустың ауыр өтуінен сақтап, өлімнің алдын алуда тиімді екенін айтып, соған орай вирус жұқтыру қаупі жоғары, созылмалы дертке шалдыққан қарттар және медициналық қызметкерлерді бустерлік дозамен вакцина егуге шақырып жатыр. Осындай шара қолданбаса пандемияның әрбір толқыны адамдардың денсаулығына кері әсер етіп, денсаулық сақтау саласының, экономиканың, тұтас қоғамның дамуын тежей береді. Қазіргі таңда Италияда тәулігіне 130 мың, Германияда 150 мың, Францияда 200 мыңға жуық адам вирус жұқтырған. Алайда бұл елдердің білігі әзірге коронавируска қарсы шара қабылдамай отыр.



Коронавирустың тарауы көршілес елдерде де қарқын алды. Мысалы Ресей астанасы Мәскеуде соңғы тәулікте коронавирустың 559 оқиғасы тіркеліпті. Бұл 11 шілдеге қарағанда 8,75 пайызға артық. Елдің бас дәрігері тұрғындарға жабық қоғамдық ұйымдарда бетперде кию қажеттігін айтады. Өйткені, вирустың ВА.4 және ВА.5 түрлері адамнан адамға тез жұғады. Мәскеулік құзырлы орган өкілдері де ауру жұғу қаупі жоғары тұрғындарды екпе алуға шақырып жатыр.

Қазақстандықтар әзірге бетін тұмшалай қойған жоқ. Десе де, бірқатар жиын өтетін орындарда ұйымдастырушылардың бетперде таратып жатқанын көріп жүрміз. Ал, екпе алу қажеттігі Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан қайта көтеріле бастады.

Жалпы коронавирустың жазда өршу мүмкіндігі жайлы бұған дейін Денсаулық сақтау министрлігі санитарлық-эпидемиялық комитеті тарапынан айтылған болатын. Бүгінде шілде-тамыз айларында жағдайдың ушығу мүмкіндігі қатаң ескертілуде. Журналистермен өткізген брифингтерінде аталмыш құзырлы орынның ресми өкілі Ержан Байтанаев айтқандай, осы кезеңге бірінші жасалған екпенің мерзімі дәл келеді. Сондықтан қазіргі таңда ауырып жатқандар негізінен екпе алмағандар немесе бір жыл бұрын егілгендер. Демек, барлық азаматтар тез арада екпе алып немесе қайта егілуі керек. Өйткені, ауруға тосқауыл қоюдың жалғыз жолы екпе арқылы қол жететін ұжымдық иммунитетті қалыптауы.

– Көптеген адамдар пандемия бітті, барлық шектеулер алынып тасталды деп ойлап, қайта егілуді қажет етпей жүр. Бұл – үлкен қателік. Жағдай қайтадан ушықпас үшін тұрғындар толықтай коронавируска қарсы егілуі керек. Қазақстанда екпенің тапшылығы жоқ. Оның үш түрі яғни QazVac, Vero Cell және Pfizer екпелері қолжетімді, барлығы да қазақстандықтарға тегін салынады, – дейді ол.

Жалпы, пандемия басталғаннан бері 1 310 370 адамның коронавирусты жұқтырғаны белгілі болып отыр. Тек соңғы тәулік ішінде 205 жағдай тіркеліпті. Оның 123-і Алматы қаласының тұрғыны. 9 шілдеден бастап онтүстік астана «сары аймақ» деңгейінен түспей, күніне 120-дан астам адам вирус жұқтыруда. Қалған өңірлердегі көрсеткіш 30 адамға жетпейді. Қостанай мен Солтүстік Қазақстан облыстарында мұндай бір де бір жағдай тіркелмеді. Қуаныштысы пандемиядан ажал құшқан ешкім жоқ. Бүгінгі таңда 3211 адам ем қабылдауды жалғастырып жатыр. Оның 401-і стационарлық, 2810 адам амбулаториялық режимде емделуде. Алайда жағдайы ауырлар саны 16-ға жетіп отыр.

Осы ретте көпшіліктің көкейінде алаң да бар. Ол қайтадан карантиндік шектеулердің енгізілуіне қатысты туып отыр. Бірақ бұл тұрғыда қандай шешімге келері әзірге белгісіз. Ал,

қазақстандық эпидемиолог мамандар инфекцияның жаңа толқынына тосқауыл қою үшін карантиннің қажеті жоқ деген пікірде. Мысалы Қазақстанның Профилактикалық медицина академиясының президенті Алмаз Шарманның айтуынша, елімізде негізінен Америка мен еуропалық елдердегідей омикронның ВА-2 және ВА-3 түрі тарап жатыр. Олар тез жұғатын инфекция болғанымен, баяу жайылады және «дельта» штаммы секілді қатерлі емес. Бұл вирустар тек созылмады дерті бар емделушілер үшін қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан, тұрғындардың осы категориясы бақылауға алыну керек. Егер алда коронавирустан ауыратындарды ауруханаға жатқызу мәжібүрлігі артып, жағдай қиындайтын болса, талапқа сай шектеу шараларын қолдануға болады. Бірақ қазіргі уақытта карантин жайлы айту әлі ерте.

Осы ретте маман қазіргі тарап жатқан штамның жұқпалылық деңгейінің жоғарылығына байланысты созылмады ауруы бар адамдар немесе қарттар қоғамдық орындарға, адам көп жиналатын жерлерге барудан тыйым салу керек. Мұндай орындарда өз денсаулығы үшін алаңдайтын адамдар бетперде киіп алғаны жөн – дейді.

Коронавирус жұқтырушылардың артуына бірнеше фактор себеп болып отыр. Көп адамдар коронавирустан ауырып алған немесе екпе жасатып алғандардың иммунитеті қорғанысы біртіндеп әлсірейді. Қазір бұл осы кезеңге тура келіп тұр. Сонымен қатар вирустың анағұрлым жаңа түрінің шығып, таралуы да осы сәтте басталды. Алайда оның маусымдық сипаты байқалмады, бұл инфекция толқынды түрде бірде басылып, бірде өршіп отырады. Тұрғындардың біраз бөлігі ауырып, екпе жасалғаннан кейін оны жұқтыру тағы да азаяды.

Алмаз Шарманның айтуынша, Денсаулық сақтау министрлігі екпенің жаңа науқанын бастауды омикронға қарсы арнайы екпе ұсынылғанға дейін немесе кешенді екпе жасалғанға дейін кейінге қалдыра түру керек. Қазіргі кезеңде тек мүлде егілмегендерге ғана бұл шара қолданылғаны жөн. Осылайша аурудың өсуінің алдын алуға болады. Вирус өзгеріске түсіп, оның жаңа түрлері үнемі пайда бола береді. Сондықтан уақыт өте келе тұмауға қарсы егілгендей, әрбір маусымда екпенің жаңа нұсқаларын қабылдауға көшуіміз мүмкін.

Эпидемиология саласының тағы бір маманы Рафаил Қыпшақпаев та осы пікірде. Қазіргі ахуал қоғамдық орындарға баруға тыйым салып, шағын және орта бизнесті шектеулермен тығырыққа тіреуге еш себеп емес. Өйткені, өткен жылдармен салыстырғанда қазір бұл вируспен күресуде тәжірибе бар. Қыпшақпаев сонымен қатар маска киюге мәжбүрлеуге де қарсы. Оның айтуынша, вирусқа қарсы екпені де қазіргі штамға қаншалықты тиімді әсер ететіндігін зерделеп барып, жасау керек.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА, «Заң газеті»

ПАЙЫМ

«АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ –
ХАЛЫҚТЫҢ КӨЗІ,
ҚҰЛАҒЫ ҒӘМ ТІЛІ»НУРБАЙҚЫЗЫ,
Байқоңыр қалалық сотының бас маманы

«Газет – халықтың көзі, құлағы ғәм тілі». Қазақтың көрнекті ғалымы, Алаш қайраткері, қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы бұқаралық ақпарат құралдарының халық үшін қаншалықты маңызды екендігін осылайша бағалаған.

Газет-журналдар, телеарна, радиолар және тағы басқа ақпарат жеткізу түрлері елдегі және шетелдегі соңғы жаңалықтарды оқырман назарына жеткізеді. Осы арқылы халықтың көзі ашық, көкірегі ояу, сауаты жоғары бола түседі. Сол үшін де бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі қоғамда қашан да маңызды рөлге ие.

Еліміздің сот жүйесі бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз қарым-қатынас орнатқан салалардың бірі саналады. Республикалық, облыстық, аудандық газет-журналдар, телеарналар мен радиолар арқылы сот саласындағы соңғы жаңалықтар мен заңдарға енгізілген өзгерістер тұрақты түрде жарияланып отырады. Айта кетерлігі, заман алға жылжыған сайын, халыққа ақпарат жеткізудің жаңа түрлері пайда бола бастады. Ақпараттық технологиялар кеңінен дамып келе жатыр. Ақпарат таратушы ретінде әлеуметтік желілер жаңа күшке ие болып, маңыздылығы арта түседі.

Бұл ретте сот саласы да заманның талабына лайықталып, ақпарат жеткізудің жаңа түрлеріне көшіп келе жатқаны белгілі. Әлеуметтік желілер арқылы заңнамаларға енгізілген өзгерістер мен саладағы жаңашылдықтар халықтың назарына жеткізіле бастады. Соның ішінде ең жиі таралғаны әрі кеңінен қолданысқа ие болғаны – «Facebook» әлеуметтік желісі. Әсіресе, карантиндік шектеулерге байланысты жұмыс тәртібі онлайнға көшкелі

аталған әлеуметтік желінің маңыздылығы тіпті артып кетті.

«Facebook» қызметін жүргізу үшін smm, дизайнер, бейнемонтаж, оператор, журналист сияқты шығармашылық қызмет мамандарының ролі күшейе түсті. Бұл ретте сот қызметкерлері де қалыс қалмай, ізденіп, әлеуметтік желілер арқылы ақпарат жеткізудің жаңа түрлерін меңгеріп жатыр.

Қазіргі таңда соттардың парақшаларынан соңғы үлгідегі анимациялық, мультипликациялық бейнероликтерді жиі көретін болдық. Сонымен қатар, заңнамалар түсіндіріліп, онлайн сұхбаттар ұйымдастырылып, татуластыру тетіктерін дәріптеуге арналған деректі материалдар жасалып, оқырмандарға ұсынылып отыр.

Республика соттарында, оның ішінде Қызылорда облысының соттарында әлеуметтік желілерді пайдалану арқылы сот саласының ақпараттармен болысу тәжірибесі қалыптасып, күнделікті жаңалықтар жарияланып, құқықтық сауаттылықты арттыру бағытындағы жұмыстар жүзеге асырылып отыр. Әсіресе, түсіндірме жұмыстары тиімді жүргізіліп келеді. Мысалы, көп адам біле бермейтін талап қою арыздарын беру, алимент өндіру тәртібі туралы көлемді әрі маңызды түсіндірмелер жиі жасалады.

Әлеуметтік желілер танымдық жобаларды жүзеге асыруға да ыңғайлы. Мәселен, өткен жылы Байқоңыр қалалық соты Конституция күніне орай тест сұрақтарын дайындап, әлеуметтік желіге сілтемесін жариялады. Нәтижесінде, тестілеуге барлығы 400-ге жуық адам қатысып, онлайн түрде тест сұрақтарына жауап берді. Бұдан шығатын қорытынды, заман алға жылжыған сайын уақыт талабына иелесіп, ақпарат жеткізудің жаңа түрлерін қолдана отырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізе берген жөн. Себебі, сот саласының басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау болып табылады. Ал, оның заң шеңберіндегі тәртібін түсіндіруге ақпарат жеткізудің ыңғайлы түрлерінің барлығын қолдану тиіспіз.

Бірақ, әлеуметтік желілердің дамуы газет-журналдар, телеарналар мен радиоларды мүлдем ысырып тастау дегенді білдірмейді. Газет-журналдардағы көлемді мақалалар, телеарналар мен радиолардағы мазмұнды сұхбаттар қашан да қоғам үшін өзекті болып қала береді. Тек ақпарат жеткізудің барлық бағытын тең ұстап, заман талабына бейімделе білгеніміз жөн.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

АЙМАҚ

«ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРИ БИЫЛ ОНЫНШЫ РЕТ ӨТТІ. ДӘСТҮРЛІ ТУРНИРГЕ АЙНАЛҒАН БҰЛ ДОДА ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІН ДАМУ ТҮР АРҚЫЛЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ, ЖАСТАРДЫ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІМЕН ШҰҒЫЛДАНУҒА ҒЫНАЛАНДЫРУДЫ, ОТАНСҮЙГІШТІК СЕЗІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МАҚСАТ ЕТІП ОТЫР.



ЖЕҢІМПАЗҒА ТАРТУ

Биылғы жылы республикада өткен іріктеу жарыстарынан 37 балау байрақты бәйге қатысуға жолдама алған болатын. Бас жүлдеге 25 млн теңге тігілген «Қазақстан барысы» турнирінің жеңімпазы – қызылордалық Мақсат Исағабалов болды. Туған жерінің жақсы атын шығарып, өңірдегі жастарға үлгі болған азаматтарды ұлықтау, жеңісін жұртқа насихаттау міндет. Осы мақсатта Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қазақстан барысы – 2022» турнирінің жеңімпазы Мақсат Исағабалов пен «Алтайдай жер қайда?» атты халықаралық ақындар айтысының жүлдегері, Мұхтар Ниязовты қабылдады. «Алтын домбыра» жүлдесін

үш мәрте иеленген, айтыс өнерінің майталманы атанған Мұхтар Ниязов та туған жерінің мақтанышы.

– Өрбір жүрек түбінде жанғырар алау сезім, ұлы күш болады. Ұлт даналығы «Ер – намысының құлы» деп бекер айтаған. Осы ұлттық намыс бізді жеңіске жетелейді, қаһармандыққа бастайды. Бүгінгі бауырларымызды да осы қасиет оздырды. Әрине, ұшқыр да ұтқыр ұлдарымызды қалай ұлықтасақ та жарасымды. Өздеріңізге белгілі, биылғы жылдың мамыр айында мәдениет пен спорт саласы бірігіп, ірі құрылымға айналды. Ол – бірліктің белгісі, оның ерекшелігі – егіз. Сөзімнің дәлелі, Мақсат пен Мұхтардың үйлесімді жеңісі, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы Сыр саңлақтарын және Мақсаттың бапкері, қазақ күресінен облыстың аға жаттықтырушысы Болатбек Кеневті жеңісімен құттықтап, аймақ жұртының риясыз алғысын жеткізді. Басқосу барысында Нұрлыбек Нәлібаев Мақсат Исағабаловқа 2 бөлмелі пәтердің кілтін табыстап, Мұхтар Ниязовқа ақ боз ат мінгізді. Өз кезегінде қос саңлақ алғаусыз алғысын арнаған Сыр жұртына зор ризашылығын білдіріп, байрақты бәсекелер мен сөз аламаньында аймақтың жұлде тайқазанына олжа салатынын жеткізді.

Гүлбану МАҚАЖАН
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

ТАЛҚЫДА – «ПРОКУРАТУРА ТУРАЛЫ»
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢ

Үкіметтің заң шығару жұмысы туралы қағидаларының 24-тармағына (23.07.2021 жылы өзгерістер енгізілген Үкіметтің 29.12.2016 жылғы № 907 қаулысымен бекітілген) сәйкес әзірленген «Прокуратура туралы» Конституциялық заң жобасы электронды үкімет порталында, сондай-ақ, Бас прокуратураның сайтында жарияланған.

Конституциялық заңды қабылдау туралы тиісті тапсырма биыл 16 наурыздағы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауында айтылған болатын. Қасым-Жомарт Тоқаев: «Заң тәртібін күшейту және құқық қорғау қызметін ұдайы жетілдіру үшін жекелеген конституциялық заңдарды қабылдау қажет деп санаймын», – деген еді.

Осыған орай жаңа заң жобасына қолданыстағы қадағалаудың тиімді құралдары мен тетіктерін біріктіру жоспарланып отыр. Бұл өзгерістер азаматтардың

құқықтары мен бостандықтарын, бизнестің, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін неғұрлым тиімді сақтауға ықпал етеді. Заңдылықты қорғаумен қатар прокуратура қызметінің негізгі принципі – қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, халықтың әл-ауқаты мен экономикалық дамуы болуы тиіс.

Құқықтық саясат тұжырымдамасында 2030 жылға дейін мемлекеттің құқық қорғау жүйесінің өзегі ретінде прокуратураның үйлестіруші ролі бекітілген. Прокуратура органдарының мәртебесін нығайту жөніндегі ұсыныстар Еуропалық прокурорлардың консультативтік кеңесінің (ЕПКК) құжаттарында да бар. Онда прокурорлардың тәуелсіздігі, жауапкершілігі және этикасы ұлттық заңнамада немесе тіпті елдің конституцияларында көзделген прокурорлар туралы жарғыға енгізілуі тиіс деп көрсетілген.

Бас прокуратураның баспасөз қызметі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАЛАБАҚША АШУ, АТТЕСТАЦИЯДАН
ӨТКІЗУ ТЕТІКТЕРІ ТЫМ ЖЕҢІЛ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оқу-ағарту министрлігінің бірінші вице-министрі Шолпан Каринованың айтуынша, «Бұл – дербестендірілген қаржыландыру. Ваучерлік қаржыландырудың басты айырмашылығы – білім беру ұйымдарын таңдау құқығы және олардың қызметтеріне ақы төлеу үшін бюджет қаражаты тікелей ата-аналарға беріледі. Ата-ананың атына банктен шот ашылады, онда ай сайын мектепке дейінгі ұйымның қызметтерін төлеуге бюджет қаражаты аударылады». Яғни, енді ата-аналар көп таңдау жасап, сенім білдірген ұйымдардың жұмысы жанданбақ. Бұл мектепке дейінгі білім беру ошақтарындағы өзара бәсекелестікті арттырып, сапаны көтеруге ықпал етеді деп күтілуде.

Шолпан Каринованың айтуынша, мектепке дейінгі ұйымдарды (бұдан әрі – МДҰ) мемлекеттік аттестаттау жұмысы да жаңа форматта жүргізілмек. Мемлекеттік аттестаттаудың жаңа ерекшелігі – МДҰ өз қызметін өзі бағалайды, мамандар арнайы барып тексермейді, тексеруші мен ұйым арасында тікелей байланыс болмайды. Аттестаттаудың 5 жылда 1 рет өткізілуі де дұрыс қадам. Баға берер кезде ең алдымен ата-аналар арасында сауалнама жүргізіліп, балалардың білім деңгейі анықталады, материалдық-техникалық база, штаттық құрам тексеріледі. Осының негізінде ортақ қорытынды жасалады. Аттестаттаудың жаңа механизмі ата-ана пікірінің басты орында екенін айғақтайды.

Дегенмен, балабақшаларды ашу, аттестациядан өткізу тетіктерінің тым жеңіл болуының залалы аз емес. Әсіресе, мемлекет қолдауымен ашылған жекеменшік балабақшалардағы заңсыздықтар,



бала құқығының тапталуы, тәртіптің ақсауы соңғы кездері жиі талқыланатын тақырыптың біріне айналған. Содан болар, «Қара шаңырақ» РҚБ төрағасы Баян Ахатай «дәріхана лицензиясы ашылып, жұмыс істей алмаса, онда балабақша неге қалай болса солай ашылуы тиіс?» деген заңды сауалын ортаға салды.

«Бүгінде бақылау органдарының ешқайсысынан рұқсат алмай, жұмыс бастау жөнінде хабарлама бермей-ақ жұмысын жылдап жасап жатқан балабақшалар баршылық. Осындай бір балабақшаның басшысымен сөйлескенімде «балалар не жеп, не ішіп жатыр, қандай сабақтар өтуде – бізбен ешкімнің шаруасы жоқ» дей отырып, СЭС-тің рұқсатын 7-8 жылдан кейін алғанын алға тартты. СЭС қызметкерлерімен сөйлескенімде олар шағын және орта бизнес өкілдерін бақылап, тексерсе алмайтындарын, бірақ

осындай балабақшалардың барын растады. Қазір ешқандай тексеру жүргізілмейтін пәтерлерден ашылған мұндай балабақшалар өте көп», – деді Баян Ахатай.

Шағын және орта бизнеске қатысты тексерулерге мораторийдің енгізілуі кәсіпкерлерге тиімді болғанымен, сапалы жұмысқа залалын тигізіп жатқаны жасырын емес. Оны «ОУНА» балалық шақ институты» ҚБ төрағасы Гауһар Киикова ұсынған зерттеу нәтижесінен де байқауға болады. Мектепке дейінгі білім беру сапасына сараптама жасаған қоғамдық бірлестік бірнеше кемшіліктің барын алға тартып отыр. Соның ішінде бұл салада пәндік-кеңістіктік ортаның дұрыс жабдықталмауы, ойыншық, көрнекі құралдың аздығы, оқу жоспарында ойынға бос уақыттың қарастырылмауы, гигиена ережелерінің ескерілмеуі, сондай-ақ, қауіпсіздік стандарттарының

сақталмауы ең көп кездесетін мәселенің бірі саналады.

Жағдайды түзету үшін балаларды ерте жастан дамытуға бөлінетін мемлекеттік қаржы көлемін ұлғайту, тәрбиешілер, әдіскерлер мен басшылар үшін біліктілікті арттыру курстарының санын арттыру, балаларды дамыту ғылыми-зерттеу зертханасын ашу қажет-ақ.

Жиын барысында бөлінетін қаржыға байланысты біраз түйткілдің беті ашылды. «Әділет» республикалық орта және мектепке дейінгі білім беру қауымдастығының төрайымы Динара Құдайқұлованың айтуынша, жекеменшік балабақшаларды қаржыландыруда орын алатын әділетсіздіктер аз емес. «Педагог мамандардың, тәрбиешілердің еңбекқысының өскеніне қарамастан, мектепке дейінгі білім беру сапасы жылдан жылға төмендеп барады. Енді араға 10 жыл

салып лицензиялауды қайта енгізбек. Мен мұны қолдаймын. Тек осы 10 жыл ішінде жеке ванна бөлмелері, бассейні, жатын бөлмелері бар, балаларға барлық қолайлы жағдай жасаған балабақшалар мен жергөзде немесе пәтерде шағын орталық ашқандардың бірдей қаражат алатынына қарсымын. Рұқсат беру құжаттарының тізімінде тек санитарлық анықтама мен балабақшаның жұмыс істеп жатқанын растайтын хабарлама ғана тұрады. Бұл дұрыс емес» деді Динара Құдайқұлова.

Жиында сөз алған Мәжіліс депутаты Лариса Павловец мектепке дейінгі орталықтардағы тамақтану сапасын бақылауға назар аударды. «Бұл Оқу-ағарту министрлігінің функциясы бола ма, әлде Денсаулық сақтау министрлігіне жүктеле ме? Оқу-тәрбие аспектісінен басқа, балалардың денсаулық жағдайын да назардан тыс қалдыруға болмайды. Артық салмағы бар немесе салмағы жетпейтін, ерекше қажеттілігі бар балалар аз емес. Ал тамақтандыру кезінде бұл жағы ескерілмей, ескі тәсіл бойынша жалпылама ортақ үстел түрінде жүреді», – дейді халық қалаулысы.

Айта кету керек, қазіргі уақытта елімізде 11 мыңнан астам мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оларда шамамен 1 млн бала тәрбиеленуде. Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар желісі 5834 бірлікті құрайды, оларға 500 мыңға жуық бала барады. Ал 5205 жекеменшік ұйымға 450 мың бала барады. Өткен жылы «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау мақсатында еліміз бойынша 45,2 мың орындық 534 мектепке дейінгі ұйым ашылды.

Жібек ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА

АРДАГЕРДІҢ АЙТАРЫ БАР

СОТ РЕФОРМАСЫ: ШЫНДЫҚ пен ШИКІЛІК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет сот және құқық қорғау жүйелерін қайта құру мәселесіне нүкте қоюы қажет.

Қазіргі таңда азаматтық қоғам тарапынан сот төрелігіне деген сенімнің төмендеп кеткені өте өкінішті. 30 жылғы реформалар ешқандай нәтиже бермеді, бұл тек іс жүзінде реформалау идеясының өзі болып табылады. Бұлай жалғаса беруі мүмкін емес. АҚШ-тың 16-шы Президенті Авраам Линкольннің «Сіз әрдайым елдің бәрін алдай аласыз. Әрине, бәрін біраз уақытқа алдауға болады, бірақ бәрін әрдайым алдай алмайсыз» деген сөзі бар. Өкінішке қарай, өткен 30 жыл ішінде жаңадан тағайындалған басшылардың бірінші кезекте саланы реформалауға кірісуі жағымсыз тәжірибеге айналды. Нәтижесінде, біз реформалаудың өзектілігі мен қажеттілігін ескермей жатып тек прогрессивті реформатордың бейнесін жасау үшін бастама көтергіш болып алдық. Бұл құқықтық жағдайды әділ шешудің маңызы зор екенін ұмыттырып, қоғамды «ақымақ қылудың» жолы. Сондықтан жүргізіліп жатқан реформалардың және олардың аралық нәтижелерінің сапасы мен өміршеңдігіне ұдайы талдау жасап, сол арқылы қалыптасқан тәсілді жойып, нәтиже бермейтін реформалар жүргізіп жатқан басшылардың жауапкершілігін күшейту керек.



Өмірсерік ҚОЖАБЕВ,
ҚР Жоғарғы Сотының доғарыстағы судьялар қоғамдық бірлестігінің төрағасы

Осы арқылы қылмыстық іс қозғау сатысынан бас тартты. Оның орнына сотқа дейінгі қызметтің басталуы тиісті себептің сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген сәтпен байланысты болды. Бұл ретте іс-әрекеттің саралануын жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тағайындау кезінде немесе хаттамалық нысанды тағайындау кезінде не істі өндіріске қабылдау кезінде тікелей сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы айқындалды.

Мұндай тәртіп өтініш пен хабарламаны бірыңғай тізілімде тіркеуді қиындатты. Өйткені, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін есептеу процестік қызметтің басталуымен байланыстырылатын болды. Ал қылмыстық іс қозғаудың бұрынғы тәртібі әлдеқайда түсінікті және тиімді болғанын атап өткен жөн.

Шын мәнінде, «жаңа» кодификацияланған актілердің мәтіндеріне істер бойынша сот-тергеу практикасын едәуір жақсартатын және қоғамның игілігі үшін қызмет ететін өзгерістер енгізілмеген. Сондай құжатты ұяластан Ұлы реформаға теңедік! Ал осы реформалар қандай пайда берді? Ешқандай да пайдасы болған емес! Сайып келгенде, жұмыс істемейтін конституциялық әділеттілік қарғасы қаңтардағы қайғылы оқиғалардың триггерлерінің бірі

болды. Мұндай жағдайдың қайталануына жол бермеу біздің ортақ азаматтық міндетіміз.

Үш буынды модель прокуратураның міндеті мен функциясын түбегейлі өзгертеді

Азаматтық қоғамның сот, құқық қорғау органдарының жұмысына қатысты үлкен талаптары бар екені анық. Лауазымды тұлғалар мен азаматтарды заңсыз жауапкершілікке тарту, азаматтық істер бойынша тапсырыспен шешім шығару жұмыс сапасының төмендеуінің нақты мысалы. Адамдардың ерікті тобын қылмыстық процеске тартып, оларға қылмыстық іс қозғап, кейіннен соттайтын зиянды әрекеттер тоқтатылып, қылмыстық қудалаудың барлық сатысына қатысқан лауазымды адамдар жауапқа тартылуы тиіс. Мұндай тәжірибе біздің тарихымыздың кеңестік дәуірінде болған және кінәсіз адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартқан адамдар, кем дегенде, қызметінен босатылған. Қазіргі уақытта

жүйе жауапқа тартқан кінәсіз азаматтардың қызметтегі өсу жолына балта шабылып, тағдыры тәлкекке түсіп, беделіне нұқсан келіп жатады. Бұған жол берілмеуі тиіс.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев дұрыс атап өткендей, мұндай істер құқық қорғау органдарының қиялынан туындаған. Осы ретте Қылмыстық кодексте әділетсіз үкім шығару, шешім қабылдау, лауазымдық қызметін пайдалану, билікті асыра пайдалану, т.б. үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылғанын ұмытпауымыз керек.

Әдетте, барлық маңызды істер бойынша қабылданатын шешімдерге жүйе ведомствосының басшысы рұқсат береді. Бір таңқаларлығы, басшы тапсырманы орындау кезінде кейбір жағдайларда өзінің орынсыз тапсырмасына айрықша мән беру үшін Президенттің атын пайдаланады. Бұл Мемлекет басшысының да, Президент Әкімшілігінің де беделіне нұқсан келтіріп, абырой епермейтін әрекет.

Реформалар тиімсіздігінің себептерін зерттей отырып, оларды әзірлеуге жауапты жаңадан құрылған органдарға тоқталғым келеді. Мысалы, құқық қорғау жүйесін реформалау жөніндегі жұмыс тобының басшысы Әсет Исекешевтің 2021 жылғы 8 қыркүйекте «Turan Press» ақпараттық агенттігіне берген сұхбатында «Жұмысты жүйелі түрде жүргізу үшін ғалымдарды, сарапшыларды, кәсіпкерлердің құқықтары мен адам құқықтары жөніндегі уәкілдерді, сала ардагерлерін, танымал заңгерлер мен адвокаттарды және азаматтық қоғам өкілдерін тарттық» дегенін оқып, таң қалдым. Бұл жерде қылмыстық процестің үш буынды моделін енгізудің жетістігі ретінде қылмыстық қудалауға тартылмаған екі мыңнан астам адамның құқығы қорғалды дегенді алға шығарады. Мұндай санның қайдан алынғаны түсініксіз.

Президент Әкімшілігі басшысының атына прокуратура органдарының ардагері С.Ерімбетов те хат жолдаған. Онда тәжірибелі маман енгізіліп жатқан үш буынды модель прокуратураның міндеті мен функциясын түбегейлі өзгертетінін және оның жақсы нәтиже бермейтінін атап өткен.

Істі тергейтін, тергеу барысын қадағалайтын, іс бойынша негізгі шешімдермен келісетін прокурор әрқашан айыптау үкіміне ие болады. Өлемдік тәжірибені зерделесек, Германия моделі біздің прокуратураның функцияларына сәйкес келмейді. Өйткені, онда прокуратура істі басқарады және толыққанды тергеу жүргізеді. Бұл модель сәтті жұмыс істейтін мемлекеттерде прокуратура атқарушы билік жүйесіне кіреді, айыптау органы болып табылады және

қадағалау функциясын жүргізе алмайды. Ал біздің прокуратура атқарушы билік жүйесіне кірмейді және елдегі заңдылық режиміне жауап беретін негізгі мемлекеттік орган саналады. Сондықтан, өткен ғасырдың 90-жылдарында оны тергеу функциясынан босату орынды деп танылды. Соған орай оған тек құқық қорғау функциясы ғана жүктелді. Конституция бойынша ел аумағында заңдардың орындалуын қадағалауды жүзеге асыру функциясы жүктелді. Осы ретте жаңа өзгеріске сай прокуратураға кеңейтілген тергеу міндетін беру оған бұрынғыша айыптау әрекетін кері қайтарумен тең.

**Заң жобаларының
45 пайызы ғана
мамандар
қолдауына ие**

Жалпы мемлекеттік институттарды реформалау саласында туындайтын новеллалар мен үрдістерді мұқият қадағалай келе, біз жұмыс тобы басшылығының түрлі мәлімдемесіне қарамастан, топтың сарапшылық құрамының әлсіз екенін, құрамында беделді, тәжірибелі ардагерлердің жоқ екенін және болмағанын мәлімдейміз. Әлбетте, арнайы комиссия мен жұмыс тобының жетекшілеріне құрметтіміз ерек. Дегенмен, комиссия төрағасы Е.Қошанов білімі бойынша инженер-механик, экономист екенін, ал жұмыс тобының жетекшісі Ә.Исекешевтің заң саласында тәжірибесінің азығын айтқымыз келеді. Сол себепті олардың құқық қорғау және сот жүйесін реформалау мәселелерін терең пысықтауға қажетті тәжірибесі мен құзыреттілік деңгейі жеткіліксіз. Мұндайда комиссияға еліміздегі заң саласында ұзақ жылдар еңбек еткен ардагерлердің білімі мен білігін, жинақтаған мол тәжірибесінің қажет болары анық.

Мұндай топтардың жұмыс нәтижесіне қатысты қойылар сауал аз емес. Президенттің де, мемлекеттік органдардың да беделіне нұқсан келтіретін осындай реформалардың қайталануы – шешімін күткен өзекті мәселе.

Тағы бір қереғарлық, Парламент заңдарды қабылдаған кезде Әділет министрлігінің Заң шығару институтында заң жобаларының 40-45%-ы ғана қолдау табады. Ал көрші Ресейде бұл көрсеткіш 90-95%-ға тең. Яғни, заң шығарушы арнайы уәкілетті органның пікірін елемей, Конституцияға қайшы келетін заңдардың тууына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аппаратында өз бейіні бойынша құқық қорғау, сот жүйесін реформалау жөніндегі міндеттерді шеше

Заңдар неге жиі өзгереді?

Соңғы үш жылда екі рет Азаматтық іс жүргізу кодексі қабылданды. Егер бірінші нұсқасы сапасыз болса, онда неге мұндай жұмысқа құқықтық баға берілмеген және ешкімді жауапкершілікке тартпаған? Екінші басылымда түбегейлі не өзгерді? 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген, осыған ұқсас жаңа Қылмыстық кодексе және Қылмыстық іс жүргізу кодексі қабылданған еді. Алайда, қолданысқа енгізілгенге дейін 6 ай бойы аталған құжаттың әлсіз тұстарын көрсетіп, бірнеше мәрте осы нормативтік-құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістерді ұсындық.

Енгізілген реформалар институционалды емес, терминологиялық сипатта болды, бұл олардың дайындығының төмен екенін көрсетеді. Мысалы, «қылмыс» термині «қылмыстық құқық бұзушылық» деп, басқа да терминдер тағы сондай сөздермен ауыстырылды. Айта кету керек, жаңа ҚПК іс жүргізу қызметінің басталуын немесе одан бас тартуды білдіретін ресми актілерді шығарудан бас тартып отыр.

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІ

СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ 71 ПАЙЫЗЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН

Қызылордада Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің алдына қойған басты міндеттің бірі – сотталғандарды жұмыспен қамту. Бас бостандығынан айырылғандарды еңбекпен тәрбиелеу арқылы олардың түзу жолға түсуіне барынша ықпал жасайды. Бүгінде облыстағы түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандардың 71 пайызы жұмыспен қамтылған.

ЗК-169/5 мекемесінің өндірістік аймағында он екі кәсіпкер кәсібін ашып, сотталғандарды жұмыспен қамтыса, қауіпсіздігі барынша төмен ЗК-169/4 мекемесіндегі жазасын өтеушілер қала аумағындағы 30 кәсіпкерде жұмыс жасайды. Сотталған азаматтар әк өндіру, газоблок, құм блоктарын өн-

діру, колонер мен аяқ киім тігу, кірпіш өндірісі, пластик терезелер шығару, жалюзи дайындау, автокөліктерді жөндеу, жұмсақ жиһаз даярлаумен айналысады.

ҚАЖД сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру тобының бас маманы Бақыт Абилованың айтуынша, шағын және орта бизнес өкілдерімен қарым-қа-



тынас орнату арқылы көптеген түйткілді мәселелерді шешуге болады, тек жан-жақты қолдау және мүдделілік қажет.

– Жеке кәсіпкерлерді түзеу мекемелерінің аумағына жұмыс істеуге шақырамыз. Мекеменің өндірістік аймағында бос ғимараттар бар. Осы орындарды ұсыну арқылы жеке кәсіпкерлердің өз жобаларын жүзеге асыруына көмектесеміз. Білікті жұмыс күші осы жерден табылады. Жазасын өтеушілер үшін де жұмыспен қамтылу өте маңызды. Олар жұмыс жасау арқылы мемлекет, жеке және заңды тұлға алдындағы берешектерін өтейді.

– Сотталғандарды жұмысқа орналастыру – олардың түзелулеріне нық тұруына ықпал етеді, – дейді әділет майоры Б.Абилова.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы
бойынша ҚАЖД

алатын Президент Әкімшілігінің (ПӘ) мемлекеттік-құқықтық бөлімі, ПӘ құқықтық саясаты жөніндегі кеңес сияқты институттар бар. Ұзаққа бармайтын және ешкімге тиімсіз жаңа органдар (түрлі комиссиялар түрінде) құрудың орнына осы институттарды пайдаланып, олардың кадрлық құрамын бейінді мамандармен күшейту дұрыс емес пе? Осыған байланысты біз судьялардың, прокуратура және басқа да құқық қорғау органдарының отставкадағы қызметкерлерінің әлеуетін пайдалану қажет деп санаймыз.

Сөзіміз негізсіз болмау үшін, біз реформаланған нормалардың әлсіз зерттелгенін айтқымыз келеді. Мәселен, Мәжіліс пен Сенат мынадай норманы қабылдады: «Сот соттылығына сәйкес біртекті істерді қарау кезінде шешімде баяндалған жоғарғы сатыдағы соттың құқықтық ұстанымдарына сілтеме жасауға құқылы». Бұл прецеденттік құқықты енгізудің және Қазақстанда қабылданған романдық-германдық құқық жүйесінің қағидаттарын бұзудың, сондай-ақ, Қазақстан Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 10-тармақшасын тікелей бұзудың мысалы болып табылады. Онда қылмыстық заңды ұжастығына қарай қолдануға жол берілмейді делінген.

Ардагер судьялардың әлеуетін пайдалана алмай отырмыз

Үшінші билік институты жұмысының қыр-сырын жетік біле отырып, Жоғарғы Соттағы реформалауға қатысты істердің қазіргі жағдайын айтпай кетуге болмайды. Мысалы, Жоғарғы Сот кеңесі жанындағы Кадр резерві жөніндегі комиссия Жоғарғы Сот судьяларының және соттар иерархиясы бойынша бір-біріне бағынышты басқа да адамдардың қатарынан құрылатыны белгілі. Бұл комиссия мүшелері маңызды шешімдер қабылдауда тәуелсіздік болуы тиіс. Ал егер оған қызмет атқарып жүрген судьялар қатыстырылса, қандай тәуелсіздік туралы айтуға болады? Бұл комиссия бос судья лауазымына үміткерлерді таңдау кезінде көбінесе сот басшылығының мүддесін қолдап, лайықты судьяларды объективті бағаламауы мүмкін. Дейтұрғанмен, Жоғарғы Сот Кеңесі жанындағы Кадр резерві жөніндегі комиссияның құрамын отставкадағы судьялармен толықтыру арқылы бұл мәселені қисынды және оңай шешуге болады. Отставкадағы судьялар конъюнктураға тәуелді емес, үлкен кәсіби және адами тәжірибеге ие, сондай-ақ, көмек көрсету мүмкіндігін бар ынта-жігерімен қабылдайды.

Сондай-ақ, Жоғарғы Соттың жанында судьяның жұмысына баға беретін Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Яғни, Жоғарғы Сот осылайша Конституцияның 77-бабының 1-тармағында бекітілген судьялардың тәуелсіздігі қағидатын бұза отырып, судьяға өзінің ықпалын тигізеді. Егер Сот төрелігінің сапасы жөніндегі мұндай комиссия қажет болса, сот органдары басшылығына және жұмыс істеп жүрген судьяларға тәуелді емес, олардан жырақта және тәуелсіз бола отырып, бағалау үшін

отставкадағы судьядан артық кім керек? Шындығында, «Судьялар одағы» немесе «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» ҚБ сияқты қоғамдық ұйымдар Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның құрамын неғұрлым тиімді қалыптастыруға кәсіби қызмет көрсете алар еді. Құзыреттілік пен кәсіпқойлықтың және ықпал ету тетіктерінің болмауы сот төрелігі сапасына объективті баға беруге көмектеседі.

Біліктілік санатын енгізу судьяларды ынталандырады

Құрамына жұмыс істеп жүрген судьялар кіретін «Судьялар одағы» қоғамдық бірлестігі өз жарғысында көрсетілген міндеттермен айналыспайтынын атап өткен жөн. Жарғыда сот жүйесінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудегі әлеуметтік мәселелерді шешу көзделген. Ал Судьялар одағының бар жұмысы мүшелік жарна жинап, сот қызметкерлері арасында спорттық іс-шара өткізу, сот қызметкерлерін зейнеткерлікке шығаруды ұйымдастырумен ғана шектелуде. Осы сөзіміздің дәлелі ретінде Еуропалық комиссияның әрекетін айтсақ болады. Онда Польша мемлекетіне Польшаның Жоғарғы Сотының тәртіптік палатасын құрғаны үшін 100 миллион еуро айыппұл салу туралы шешім қабылдаған. Еуропалық комиссия пікірінше, судьялардың кәсіби қызметі туралы шешім қабылдай алатын тәртіптік палата құру олардың тәуелсіздігі мен бейтараптығына қауіп төндірді. Сондай-ақ, судьялардың біліктілік институтын қайта жандандыру және біліктілік санатын беру мәселесін Сот төрелігінің сапасы жөніндегі жаңартылған комиссияға енгізу қажет деп санаймыз. Біліктілік санатын енгізу сот төрелігін іске асыру кезінде судьяларды ынталандыруға және берілген санатына қарай олардың білім деңгейін айқындауға мүмкіндік береді.

Белгіленген нормаларға қайшы келетін тағы бір қателік – Жоғарғы Соттың 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV «Медиация туралы» заңының 25-1-бабына қатысты «сот актісін орындау сатысындағы медиацияның ерекшеліктері» новелласы. Мұнда тараптар дауы (жанжалды) сот актісін орындау сатысында реттеу келісімді жасасқан жағдайда, атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұруға, тіпті тоқтатып тастауға болатыны айтылған.

Конституцияның 76-бабының 3-тармағында соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады делінген. Сот актісі болған кезде, медиацияны емес, актінің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз еткен жөн. Біз тараптардың сотқа жүгінгенге дейін медиация үшін жеткілікті уақыты бар деп санаймыз. Өйткені медиация – дауларды шешудің балама тәсілі. Судьялар сот төрелігін жүзеге асыру кезінде әділ. Әрі тараптар арасындағы қатынасты қандай да бір басқа жолмен реттеу міндетін көздемейтін қолданыстағы заңнаманы ғана басшылыққа алуы тиіс. Сот актісі шығарылғаннан кейін судьяның орындау рәсімдеріне, дауларды реттеу туралы келісімді бекітуге, т.б. қатысы болмауы тиіс. Бұл мәселе сот орындаушының іс-әрекетіне шағым

жасау жағдайын қоспағанда, тараптар мен сот орындаушының өзара іс-қимыл аясында қалуы қажет.

Қосылғыштардың орны өзгергенімен, қосынды өзгермейді

2018 жылы жарияланған «Сот төрелігінің 7 түйіні» бағдарламасы өндірістік менеджмент пен корпоративтік бизнес ортасына тән креатив пен жобалық тәсілді енгізуге талпынысты көрсетеді. Бір жағынан, біз жаңа идеяларды құптаймыз, бірақ бұл жерде қолданыстағы қағидаларды жаңа пакетте ұсынуға деген ұмтылыс байқалады. Бұл бағдарламадағы бастамалар бұрыннан бар! Жалған жаңа бағдарламаларды ойлап табуға, оларды блоктар немесе кірпіштер деп атауға болады. Бірақ қосылғыштардың орнын ауыстырғанымен, қосындының мәні өзгермейді. Нақты өзгерістер мен реформаға қоғамның сұранысы болған жағдайда, адамдар мен құқық қорғау, сот қауымдастығына ескі нәрсені жаңа атаумен ұсынуға болмайды. Ең бастысы, 2018 жылдан бері келе жатқан бағдарламаның нәтижесі бар ма? Егер нақты, айқын нәтиже болмаса, онда бағдарламаның толығымен сәтсіз болғаны.

Сот жүйесінде жарнамаланған барлық жобаның ішінде азаматтар игілігіне арналған, оң нәтижесі бары, заңнамалық түрде бекітілгені – тек «Түнгі сот» жобасы. Бұл ретте оны енгізуге қосымша ресурстар да, бос лауазымдар да бөлінбеді, оның үстіне Әкімшілік рәсімдік-процедік акті (ӘРПА) секілді қандай да бір кодификацияланған актіні шығару да талап етілмеді. Айта кету керек, мемлекеттік органдардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шығарылған актілеріне шағымдану институты КСРО-ның 1989 жылғы 2 қарашадағы №719-1 «Мемлекеттік басқару органдары мен азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін лауазымды тұлғалардың заңсыз іс-әрекеттеріне сотқа шағымдану тәртібі туралы» заңнан бастау алады. Бұл заң біздің заманымыздың өзінде АПК-ның 29-тарауы аясында сәтті жұмыс істеді. Осы ретте әкімшілік әділет жұмысының негізгі принципі ретінде соттың белсенді ролін азаматтық сот ісін жүргізуге енгізу жеткілікті болар еді. Бұл енді қалған соттар оны сот төрелігін жүзеге асыруда қолдана алмайды деген сөз емес қой. Азаматтар бұзылған құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін судьялар қолдан келген бар мүмкіндікті пайдаланып, белсенді түрде жұмыс істейді, барлық шараларды қабылдайды деген үмітпен сотқа жүгінбей ме? Тағы бір айта кетерлігі, жаңадан құрылған әкімшілік соттардың негізгі жұмысы жеке сот орындаушылар әрекетіне қатысты шағымдарды қараумен байланысты. Оларды бұған дейін де азаматтық соттар тез әрі сапалы шешіп тастайтын.

Білікті прокуратураның қолына шоғырландыру қате

Реформалауды табысты жүргізу – қолданыстағы заңдардың сапасын

жақсартумен тамырлас. Ал ол қоғамдық игілікке бағытталған тәжірибе мен нәтижені талдауға негізделуі, кемшіліктерді ескере отырып жасалуы керек.

Таяуда интернет кеңістікте «Прокуратура туралы» Конституциялық заңның жаңа редакциясын қабылдау арқылы ҚР прокуратура органдарын реформалау туралы ақпарат пайда болды. Бұл да реформалар үшін реформа жасап жатқандай әсер қалдырады. Мысалы, заң жобасында былай делінген: «Прокурордың сотқа дейінгі тергеуді бастауға, істі өз өндірісіне қабылдауға, сотқа жіберуге немесе сотқа дейінгі тергеуді тоқтатауға айрықша құзыретін бекіту» делінген.

Бұл жерде қандай айрықша құзырет туралы айтып отырғаны түсініксіз. Сонда прокурордың аталған өкілеттіктері бұрын болмаған ба?

Немесе күзетпен ұстау, экстрадициялық және ұйқамға түріндегі бұлтартпау шарасын қоспағанда, барлық тергеу әрекеттеріне санкция беру жөніндегі прокурордың өкілеттігі қаралған. Біздің ойымызша, санкция беру сот органдарының қолында болуы керек, өйткені, биліктің бір органның, яғни бұл жағдайда прокуратураның қолында шоғырлануы мемлекет пен қоғамның мүддесіне сәйкес келмейді.

Елде орын алған қоғамды басқарудың түрлі салаларындағы кемшіліктер мен олқылықтар нормативтік-құқықтық сипаттағы ықпал ету тетіктерінің болмауынан емес, соңғы жылдары прокуратура органдарының заңдардың біркелкі орындалуын қадағалау жөніндегі тікелей міндеттерінен алшақтап, департаменттерді қызметтерге ауыстырып, түсініксіз құрылымдық өзгерістермен айналысып кетуіне байланысты орын алды. Нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың ерекше тәртібін, оның ішінде өзекті сын-қатерлерге, форс-мажорлық және дағдарыстық жағдайларға байланысты шақыртуларға жедел ден қою үшін оларды мемлекеттік тіркеусіз енгізу мәселесі де таң қалдырады. Бұл сонымен қатар кеңес заманының соғысқа дейінгі жылдарындағы НКВД өкілеттігі сияқты билік функцияларының бір органда шоғырлануын білдіреді.

Егер прокуратура органдары сотқа дейінгі тергеу-тексеруді бастау және тоқтату туралы, тергеу әрекеттеріне санкция беру туралы, нормативтік құқықтық актілерді ерекше шарттармен қабылдау туралы дербес шешім қабылдайтын болса, тежемілік әрі тепе-теңдік жүйесі қолданысын тоқтататын құдыретті саланы қолдан жасап аламыз және жуық арада реформалардың жаңа кезеңі қажет болады.

Бизнес қорған сұраса, қарапайым адамдардың күні нешік?

Сондай-ақ, бизнесті қорғаудың өзекті мәселесіне тоқталғмыз келеді. Бизнес – экономика тірегі, оның негізгі салық төлеуші және жұмыс беруші екенін толық түсініп, бизнесті қорғау туралы тезиске назар аудару қажет. Біздің ойымызша, бұл тезис арқылы бизнесті басқа да қоғамды құрушылардан бөліп алу дұрыс емес. Азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау алаламай, тең дәрежеде тегіс қамтылуы тиіс.

Жалпы, бизнесті ерекше қорғау қажеттілігінің астарында бизнесті жеткіліксіз қорғау емес, тұтастай алғанда барлық азаматтардың құқығы мен бостандығының жеткілікті деңгейде қорғалуы және азаматтар үшін қауіп көзін іздеу қажеттілігі секілді өзекті мәселе жатыр. Егер ауқатты азаматтар, бизнес иелері қауіпке душар болса, онда қарапайым жүргізуші, мұғалім немесе инженер мүлде қорғаныс деген сөз.

Бизнеске мемлекет тарапынан қандай да бір жекелеген қауіпсіздік кепілдіктерін беруді кейбір тұлғалар осы зардап шегуді қоғамның элиталық топтарына бөлу және салықтарды, кедендік бажды төлеуге, капиталды шетелге әкетуге мәжбүрлеу ретінде қабылдайды. Бұған жол беруге болмайды. Соңғы кезде мұндай мысалдардың талайын көрдік.

Біздің ойымызша, бизнесті қолдау қолжетімді несие беру, салықтық, кедендік жеңілдіктер жасау, тартымды емес, бірақ мемлекетке қажет қызмет түрлерін субсидиялау түрінде көрсетілуі керек. Бірақ мемлекет тарапынан бақылау деңгейі төмендемеуі тиіс. Сондықтан сот, құқық қорғау жүйесін реформалау кезінде осы мәселелер ескеріліп, тексеру жүргізуге мораторий енгізуге, бизнес өкілдерімен түрлі меморандумдар жасасуға, т.б. тыйым салатын пәрменді нормалар енгізу қажет.

Заңсыз капиталды қайтаруда сүйенер негіз бар

Соңғы тоқталатын мәселе – бұл заңсыз әкетілген капиталды Қазақстанға қайтару мәселесі. Маңыздылығы жағынан біздің мемлекетіміз үшін бірінші кезекте болуы тиіс бұл идея көп айтылып жүр және азаматтық қоғамды қатты қызықтырады. Алайда нақты қандай жұмыс атқарылды? Бізге Қаржы мониторингі агенттігінде кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру саласын дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленген. Активтерді қайтару жөніндегі ұлттық үйлестірушіні құру, қандай да бір саясат жүргізу, қажетті құқықтық негізді қалыптастыру туралы айтылады. Бірақ мұның бәрі қасақана немесе сауатсыздықтан алға қойылған міндетті орындаудан жалтару әдісі. Өйткені, жаңа құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау және шығару ұзақ уақыт алады, қаржыны қайтару бойынша нақты нәтижеге қол жеткізбеу үшін тамаша жағдайлар жасайды.

Осыған қарап бұрын елімізде бұл мәселеге қатысты заңнама мен нормативтік-құқықтық акті болмағандай көрінуі мүмкін. Алайда бұған дейін барлық қажетті құралдар жасалып қана қоймай, 2014 жылы менің авторлығыммен «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар (түсініктемелер, нормативтік-құқықтық актілер, халықаралық конвенциялар)» деген еңбек жүйелендіріліп, мемлекеттік және орыс тілінде басылды шыққан болатын.

Сот, құқық қорғау жүйелерін жаңғыртуға жоғарыда аталған кемшіліктер соңғы реформаларда орын алған кемшіліктің бір парасы ғана. Ал, жаңа Қазақстанды құру – оның барлық институттарын жүйелі, сапалы, ауқымды реформалауды көздейді.

БІЛГЕН ЖӨН

Еліміз егемендік алғаннан кейін өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау жүйесі қалыптасты. Атап айтқанда, өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, тауар шығарылған жердің атаулары, селекциялық жетістіктер, интеллектуалдық микросхемалар топологиялары ұзақ мерзімді нарықтық инфрақұрылымның ажырамас элементі болып табылады. Бұл жүйені дамыту мемлекеттік өнеркәсіптік саясаттың стратегиялық міндеттерін шешуде аса маңызды.



ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІКТІ ҚОРҒАУ ӨЛШЕМІ

Зияткерлік меншік объектілерінің жекелеген түрлерін қорғауға арналған заңнама әртүрлі деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің едәуір үлкен ауқымын білдіреді. Нормалардың салалық байланысы да әртүрлі. Рәсімдік, әкімшілік-құқықтық, қылмыстық-құқықтық нормалар зияткерлік меншік объектілеріне азаматтық құқықтардың пайда болуы мен іске асырылуы үшін жағдай жасауға арналған.

Өнеркәсіптік меншіктің өзекті және негізгі объектісі өнертабыс болып табылады. АҚШ-тың әйгілі патенттік құқық зерттеушісі Питер Розенберг «өнертабыс дегеніміз – адам ойлап тапқан және жасаған нәрсе» дейді. Позицияны салыстырмалы түрде нақтылауды қалап, ол «өнертабыс бұрын болмаған нәрсені жасауды білдіреді. Ашылу – бұл бұрын болған, бірақ белгісіз нәрсе» деп пайымдайды.

1992 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін

Қазақстанда зияткерлік меншік мәселелерін реттеудің нормативтік-құқықтық негізі қалыптасты. Шығармашылықтың неғұрлым маңызды объектілерінің мәртебесі айқындалды. Зияткерлік меншіктің жекелеген объектілері бойынша арнайы заңнама қабылданғаннан кейін заңнаманың мүлдем жаңа кіші саласы қалыптасты және дамуға. Сондықтан патенттік заңнаманың қазіргі заманғы өлшемдер бойынша ұзақ қолданылу кезеңін қорыту тауар таңбалары жөніндегі заңнаманы жетілдіру, тұтастай алғанда зияткерлік меншікті қорғау жөніндегі жүйені құру жұмыстың жалғасы болып табылады.

Самат САЙДАЛИН,
Ақмола облысы Әділет департаменті зияткерлік меншік құқығы жөніндегі бөлімнің жетекшісі

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ӘРЕКЕТІНЕ НЕГЕ ШАҒЫМ КӨП?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сот орындаушылары жүргізетін істердің барлығы атқарушылық құжатты мәжбүрлеп орындау болып табылады. Бұл заңмен бекітілген. Сот орындаушысы ең алдымен борышкердің банктегі есепшоттарына тыйым салуды қолдануға міндетті. Іс жүргізу кезінде сот орындаушысы борышкердің барлық активтерін анықтайды. Екінші деңгейлі банкердегі есепшоттарға тыйым салу сот санкциясына сай жүргізіледі.

Сотқа шағымданушылар кей жағдайда «сот орындаушысы есепшотымды алдын ала ескертусіз жауып тастады» деген шағым айтып жатады. Алайда, заңнамада сот орындаушысы борышкерді алдын ала ескертпей оған тиесілі есепшоттарына тыйым сала алатыны туралы ереже көзделген. Дегенмен, сот орындаушылар атқарушылық өндіріс бойынша тараптарға қозғалған атқарушылық іс жүргізу, қойылатын талаптар мен іске асырылған атқарушылық іс-әрекеттер туралы хабарлауға міндетті. Атқарушылық іс жүргізу қозғалғаннан кейін борышкердің өндіріп алушы алдындағы міндеттерін орындауда сот орындаушысы міндетті түрде хабардар ете отырып жүргізуге тиіс. Сонымен бірге, өндіріс тараптары электронды қолтаңба нұсқалары арқылы өздеріне қатысты қозғалған іс жүргізулер бойынша ақпараттарды www.adilet.gov.kz сайтына тіркеліп, «өндіріс тараптарының кабинеті» арқылы біле алады. Сонымен қатар, сот сот орындаушысының атқару өндірісі бойынша Атқарушылық іс жүргізу заңымен көзделген қағидаттар мен талаптары толық көлемде сақталуын қадағалайды.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 37-бабы 4-бөлігінің талабына сәйкес, сот орындаушысы Қазақстан заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін атқарушылық құжат өзіне келіп түскеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей атқарушылық іс жүргізуді қозғайды, ол туралы қаулы шығарады.

Жеке сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізу өндірісін қозғаған кезде өндіріп алушымен атқарушылық құжаттың орындалуы туралы келісім (шарт) жасасады, өндіріп алушының осы заңда көзделген құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Мемлекеттің кірісіне өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар және істердің әлеуметтік маңызы бар санаттары бойынша атқарушылық іс жүргізуді жеке сот орындаушысы келісім жасаспай қозғайды.

Сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізу өндірісін қозғаумен бір мезгілде осы заңда көзделген атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды, сондай-ақ, атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы тексеру жолымен борышкерге қатысты өзге де атқарушылық іс жүргізудің бар-жоғын анықтайды. Олар анықталған жағдайда өндіріп алушыға хабарлайды және осы заңға сәйкес оның талаптарын қанағаттандырудың кезектілік тәртібін түсіндіреді.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің мін-

деті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру. Осы мақсатқа жету үшін әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу маңызды.

Сонымен бірге, ӨРПК-нің 7-бабында көзделген заңдылық қағидаты бойынша әкімшілік орган, лауазымды адам және сот әкімшілік істі қарау кезінде объективтілік пен бейтараптықты сақтай отырып, әкімшілік іске қатысушылардың әрқайсысына олардың әкімшілік істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге құқықтарын іске асыруына тең мүмкіндік пен жағдай туғызуға міндетті. Егер заңда дау тараптарының келісімімен тиісті мәселелерді соттың шешетіні көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға қонымдылық өлшемшарттарын негізге алып шешуге міндетті.

Мысалы, жеке тұлға М. 150 000 теңге борышкерге тиесілі емес екенін және оған қате аударылғаны салдарынан жеке сот орындаушысының аударылған 150 000 теңгені кері қайтармау әрекеттерін заңсыз деп тануды сұраған. Істің нақты мән-жайларынан белгілі болғанындай, жеке сот орындаушысының өндірісінде борышкер М.-ге қатысты атқарушылық өндіріс қозғалған. Өндіріп алушы – Сактандыру компаниясы. Ал, талап қоюшы М.-ның есепшотынан 150 000 теңгені жеке сот орындаушысының есепшотына аударылғаны көрінеді. Сотта есепшотқа тыйым салынған қаулыны

прокурордың санкцияламағаны және тыйым салу сомасының мөлшері көрсетілмегені анықталып, талап қою қанағаттандырылған.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 62-бабының 1-тармағында сот орындаушысы атқарушылық құжаттың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында борышкердің мүлкіне, оның ішінде заңда көзделген жағдайларда прокурордың санкциясымен тыйым салуға міндетті. Бұл ретте сот орындаушысы атқарушылық құжаттың орындалуын қамтамасыз ету үшін өндіріліп алынатын сомаға мөлшерлес, борышкерге тиесілі бүкіл мүлікке бір мезгілде тыйым салуға құқылы екені көзделген. Заңның 63-бабының 1-тармағына сәйкес, мүлікке тыйым салу кезінде сот орындаушысы оның борышкерге тиесілі екендігін және ондағы ауыртпалықты, тыйым салу сомасының мөлшерін анықтайды.

Жаңа кодекс күшіне енгеннен кейін сотта тараптардың дауын шешу үшін татуласу рәсімдері белсенді қолданылып келеді. Соның нәтижесінде екі дауласушы тарап бір-біріне таныстық таныту арқылы татуласып, арадағы дауды бітімгершілік жолымен шешуде. Өйткені, жаңа кодекс бойынша енді мемлекеттік органдар да әкімшілік қалауы болса татуласу келісіміне келе алады.

Гүлназ САЛЫҚОВА,
Атырау облысы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

МІНБЕР

ӘДЕП КОДЕКСІ – СУДЬЯЛАР ТІРЕГІ

«Судья орынтағына отырған адал адам сөзінің барлық қызығушылығын ұмытады» дейді данышпан Марк Туллий Цицерон. Ежелгі римнің атақты философы осы сөзі арқылы судьяға қойылатын талаптың жоғары екенін аңғартып отыр. Расында, судья болу – тек үкім айтып, төрелік жасаумен шектелмейтін қызмет. Судья болу – ел адамы болу деген сөз. Сондықтан қазыға көпшілік алдында жақсы өнеге көрсету, биік парасат, көркем мінезімен халыққа үлгі болу – міндет. Судьялардың әдеп кодексінің қабылданып, сот корпусына талаптың жыл сайын қатаңдатылуының да сыры осында.



А. АБДУКАЛИКОВ,
Қызылорда қаласының
әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған
сотының судьясы

Судья болуға тәуекел еткен жандар қызметін қалай атқарғанын бөлек, сот отырысында тыс кездегі іс-әрекетінің, сөйлеген сөзінің көпшілік назарында тұратынын түсіну керек. Мұндай жағдайда әр судьяның бағдар етері – Әдеп кодексі екені түсінікті.

Әдеп кодексі әрбір судьяның жанқалтасында жүретін, жұмыс үстелінен ойып тұрып орын алатын басты құжат саналады. Қазылардың әдептілік қағидасын біріктірген ең алғашқы кодекстің негізі 1996 жылы 19 желтоқсанда өткен республика судьяларының бірінші съезінде жасалған болатын. Тәуелсіз сот корпусының басын біріктірген мұндай жиындар бүгінгі

күнге дейін сегіз рет ұйымдастырылды. Осы сегіз съезде сот жұмысын жандандырып, судья мәртебесін көтеретін, сот пен халықтың ара қатынасын жақындатып, сотқа деген сенімді нығайтатын түрлі бастамалар талқыға түсті. Биік мінберден айтылған ұсыныстардың барлығы сот жұмысының сапасын арттыруға қызмет етіп келеді. Ал алғашқы съездің өзінде әдеп кодексі жасауға көңілдің бөлінуі әдеп, тәртіп мәселесіне сот саласының қаншалықты мән беретінін көрсетсе керек.

Судьялардың әдеп кодексі тек судьялар корпусы ғана емес, тұтастай қоғам үшін маңызды. Бірінші съезде қабылданған Судья әдебі кодексі уақыт өте келе этикалық жүріс-тұрыс ұстанымдарындағы көптеген бағыттарды қамтымайтынын, сондай-ақ, нақты шектеулердің болмауы келеңсіздіктердің орын алуына ықпал ететінін көрсетті. Ақпараттар ағынының өсуі, биліктің бір тармағы саналатын сот саласына деген талап пен міндеттің күшеюі жаңа Әдеп кодексі қабылдауға деген қажеттілікті туындатты. Бұл мәселе «100 нақты кадам» – Ұлт жоспары бойынша Жоғарғы Сотқа жүктелген міндеттемелер арасында да бар. Ұлт жоспарының 19-қадамында судьялардың есеп беру тәртібін күшейтіп, судьялардың жаңа этикалық кодексі жасақтау еді. Осылайша қоғамның талап-тілегін, халықаралық заңнама қағидаттарын ескере отырып дайындалған жаңа кодекс 2016 жылы судьялардың жетінші съезінде қабылданды. Бұл

құжаттың дайындалуына сот корпусымен қатар, қарапайым азаматтар, заңгерлер, үкіметтік емес ұйым мүшелері, құзырлы органдар белсене қатысты. Кең көлемде талқылау жасауға жол ашу үшін құжат жобасы Жоғарғы Соттың сайтына орналастырылды. Кодекстің толыққанды жасалғанын растап халықаралық сарапшылар да оң бағасын берген болатын. Судья әдебінің жаңа кодексіне бүкіл қоғам өкілдері пікір қосып, тиісті толықтырулар мен жаңашылдықтар енгізу арқылы тәуелсіз елдің қазіргі сот билігі өкілдерінің келбетіне қойылатын талаптарды жаңа сапалық деңгейге көтергені талассыз. Бүгінде көпшілік сүзгісінен өткен бұл кодекс – судьялардың әдептілік айнасы іспеттес.

Жаңа Әдеп кодексі судьялардың жүріс-тұрысы мен өмірлік ұстанымдарының Бангатор қағидаттары негізінде және басқа да халықаралық кәсіби этикалық ережелердің стандарттарына сай жасалған. Мұнда судьялардың біліктілігі мен ар-ождан тазалығына, абырой-беделі мен іскерлігіне, адамгершілік бет-бейнесін кір шалдырмай, таза ұстаудың қағидасы айқындалған. Күнделікті қызметінде шиеленістер мен қайшылықтардың ортасында жүретін судьяға тараптарға тең мүмкіндік берумен бірге, кез келген тосын жағдайда өзін мейлінше ұстамды, жинақы ұстап, сауалға сабырмен, ұстамдылықпен жауап беруге дағдылану керек. Әдеп кодексі мұндай жағдайда да әр судьяға бағдар бола алады.

Жаңа кодекс бұрынғыға қарағанда ауқымды. Құжатта судьяның жалпы этикалық ұстанымдары мен кәсіби қызметін атқару кезіндегі қимыл-әрекетінен бөлек, отбасы мен тұрмыстағы әдеп ұстанымдары жеке-жеке үш тарауға топтастырылғанын айта кеткеніміз жөн. Осындай сауатты жасалған кодекс – судьялардың биік моральдық бейнесін қалыптастырып қана қоймай, еліміздің бұдан былайғы даму кезеңдерінің міндеттерін орындауға лайықты қызмет етеді деп сенеміз.

ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ



ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ТАТУЛАСТЫРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУҒА ДАЙЫН

Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудандық сот төрағасы Е.Тілеубековтің, сот саласында жұмыс жасап кеткен қызметкерлердің, Байзақ аудандық мәслихатының хатшысы Б.Ақбаевтің, аудандық мәслихат депутаттары, Байзақ аудандық Билер Кеңесінің төрағасы М.Болатбековтің, медиаторлардың, аудан прокурорының, АПБ қызметкерлерінің, адвокаттардың және БАҚ өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді.

Е.Тілеубеков өз сөзінде бұл іс-шара ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауын іске асыру шеңберінде, сондай-ақ, «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» РКБ төрағасының Жоғарғы Сотқа жолдаған хатындағы ұсыныстарын қолдау мақсатында өткізіліп отырғанын атап өтті.

Спикер Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі төрағасының хатымен таныстырып, онда қылмыстық істерді қарау кезінде алқабилерге мәслихат депутаттарының арасынан кандидаттарды іріктеу, сондай-ақ, оларды медиаторлар ретінде қарау мәселелерін атап өтті. Спикер Қазақстанда қолданысқа енгізілген алқабилер сотының 2007 жылдың басынан бері жұмыс істеп келе жатқанын атап өтті. Оны енгізудің негізгі мақсаты – сот төрелігін іске асыру процесіне мүмкіндігінше көп азаматтарды тарту. Бұл жағдайда мәслихат депутаттарын алқабилерге тарту дұрыс қадам. Өйткені, мәслихат депутаттары осы арқылы сот төрелігін жүзеге асыруға өз үлесін қосуға мүмкіндік алады, сондай-ақ, бұл халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Спикер алқабилер кандидаттарға қойылатын талаптармен, алқабилердің қатысуымен Жамбыл облысы бойынша қаралған қылмыстық істердің статистикасымен таныстырып, – Сот тәжірибесі көрсетіп отырғандай, қазір-

гі қиын-қыстау кезеңде, өкінішке орай, даулар мен жанжалдар көп. «Медиация туралы» заң 2011 жылдан бастап жүзеге асырыла бастады. Осы уақыт аралығында біздің елімізде «медиаторлар» және «Билер кеңесі» сияқты дауласушы тараптарды татуластыру бағытында соттармен бірлесіп тығыз жұмыс істеп келеді. Бұл өз кезегінде соттардың жұктемесін едәуір төмендетеді, – деді Е. Тілеубеков.

Байзақ аудандық мәслихатының хатшысы Б.Ақбаев айтылған ұсынысты қолдайтынын, медиация туралы көбірек біліп, үйрену үшін сот пен медиаторлар тарапынан ақпараттық көмек көрсету маңызды екенін алға тартты.

Жиынды қорытындылай келе сот төрағасы Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі төрағасының хатында айтылған ұсыныстарды қолдайтынын, өйткені, мәслихат депутаттары халық қалаулылары болып табылатынын және негізінен дана, көреген, өмірлік тәжірибесі мол адамдардан тұратынын атап өтті.

Іс-шара барысында барлық қатысушылар регламентке сәйкес сөз сөйледі, пікірталас өткізді, бірқатар ұсыныстар енгізді, аудандық мәслихат депутаттары өз тарапынан алқабилер ретінде, сондай-ақ, медиатор ретінде тараптарды татуластыру процесіне қатысуға дайын екендіктерін білдірді.

Өз тілшіміз

ТАРАТУ

2. «Ақмола облысы білім басқармасының Жарқайың ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Уәлиханов ауылының «Балауса» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны МКҚК, БСН 080640014184, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Мекенжайы: Қазақстан, Ақмола облысы, Жарқайың ауданы, Валиханов ауылы, Новоселов көшесі, 13 үй, тел.: 8(71648)93857.

